

Железин ауданы Михайлов селолық округі Михайловка селосының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Железин ауданы Михайлов селолық округі әкімінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 01 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 наурызда № 5395 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Михайлов селолық округінің Михайловка селосы тұрғындарының пікірлерін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Михайлов селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Железин ауданы Михайлов селолық округі Михайловка селосының келесі көшелері:

"Строительная" көшесі "Әлия Молдағұлова" көшесі болып;

"Киров" көшесі "Михаил Трусков" көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Селолық округінің әкімі

Р. Кутлубулатов